



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстан-Еуропалық одақ: Ірі сауда серіктестігі

Әлемде геосаяси жағдайдың шиеленісуіне қарамастан, Орталық Азия мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастық нығайып келеді. Қазақстан Еуропалық одақпен өзара сауданы әртараптандыруға мүдделі.

Мұны Шолпан-Ата қаласында өткен «Орталық Азия – Еуропалық одақ» форматындағы екінші кездесуде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев баса айтты. Ол өткен жылдың қорытындысы бойынша Еуроодақтан Қазақстанға тартылған инвестиция 23 пайызға артып, 12,5 миллиард долларға жеткенін мәлімдеді.

«Тәуелсіздік жылдарында біз шетелден 350 миллиард доллардан аса тікелей инвестиция тарттық. Оның

қолдау көрсете береді деген сенім артады Қазақстан.

Мемлекет басшысы Қырғызстандағы кездесуде басқа бағыттар бойынша жеткізілетін мұнай экспортының перспективаларын айқындап берген еді.

«Мысалы, жыл басынан бері Қазақстан мұнайын «Ақтау – Баку – Тбилиси – Жейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 миллион тонна көлемде жөнелту жұмысы басталды. Орта мерзімді перспективада біз «Ақтау – Батуми» бағыты бойынша Транскаспий бағытының құбыры арқылы жөнелту көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге Қазақстан «Дружба» құбыры арқылы Германияға мұнай жеткізу ісін жүзеге асыра бастады. Биыл жыл



жартысына жуығы Еуроодақ елдеріне тиесілі. Еуропалық одақ–Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның Еуроодақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар деп санаймын», деді Президент.

Қазақстан Еуропа елдеріне арасындағы көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесіне екінші басымдық ретінде назар аударады. Мәселен, қазіргі уақытта Еуропаға экспортталатын Қазақстан мұнайының 80 пайызы Каспий құбыр консорциумы арқылы жүзеге асырылады. Осы орайда, ортақ мүддені ескере отырып, стратегиялық тұрғыда маңызды осы құбыр арқылы мұнайдың ұзақ мерзімді және тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Еуроодақ әрі қарай да

басынан бері 90 мың тонна көлемінде мұнай жеткізілді. Бұл көрсеткішті 1,2 миллион тоннаға дейін жеткізуге әлеуетіміз жеткілікті және оны келешекте арттыруға мүмкіндігіміз бар», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға тасымалдайтын мұнай көлемін жылына 200 мыңнан 1,2 млн тоннаға дейін арттыруды ұсынды. Ол осылайша Еуроодақтың эмбаргосына ұшыраған Ресей мұнайын алмастыруды ұсынған.

2023 жылдың алғашқы бес айында Қазақстан Германияның Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытына (Ресей-Украина соғысына дейін «Роснефтіге» тиесілі болған) 90 мың тонна мұнай жіберген. Осы қарқынмен Қазақстан Германияға жыл соңына дейін 200 мың тонна мұнай жөнелтеді. Қ.Тоқаевтың сөзінше, Қазақстан тасымалдау көлемін кемінде 6 есе арттыра алады.

«Созақ үні»-ақпарат.



Мемлекет басшысы Ту көтеру рәсіміне қатысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты.

Ең алдымен, Құрмет қарулы ротасының бастығы рәсімге дайындығы жөнінде Президентке рапорт берді. Содан кейін Мемлекеттік әнұран шырқалып, Көк байрағымыз көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, олар егемендік пен елдіктің ең басты белгісі екенін атап өтті.

«Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – күллі халқымызға қастерлі нышандар. Біз үшін тәуелсіздік–ең қымбат құндылық, ал туымыздың асқақ желбірегені–аса биік мәртебе. Батыр бабаларымыз сын сағатта әрдайым бір тудың астында жиналған. Бөрілі байрақ күллі түркі жұртын біріктірген. Абылай ханның ақ туы бүкіл қазақтың басын қосқан. Алаш туы арыстарымыздың жігерін жанып, намысын қайраған. Біз бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келеміз. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны ғарышкерлеріміз көк жүзіне көтерді. Альпинистеріміз әлемнің ең биік шыңдарына орнатты. Спортшылар жеңіс тұғырынан желбіретіп, Әнұранымызды шырқатты. Күллі әлем Қазақ елін көк байрағына қарап

танитын болды», деді Мемлекет басшысы.

Президент қастерлі нышандарымызды құрметтеу әрбір азаматтың перзенттік парызы екеніне назар аударып, бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық мән-маңызына тоқталды.

«Біз асыл құндылықтарымызды аяқ асты етуге жол бермейміз. Биыл мемлекеттік рәміздерді қорлаған адамдарды жазалау шаралары күшейтілді. Түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Отаншылдық мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Біз ұлттық нышандарымызды ұлықтау арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетеміз. Оларды отансүйгіштік, жасампаздық рухта тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық, тәрбиелік мәні айрықша», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент мемлекеттік рәміздер тарихымызды, өзіндік болмысымызды және халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысын айғақтайтынын атап өтті.

«Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құндыретті күш бар. Айтулы мерекелер мен әлемдік дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елі-

мізге деген мақтаныш сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз–мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік мақсаттарға қол жеткізу жолында күш-жігер береді», деді Президент.

Салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті –Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды.

Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарулы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектемов, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.



Мемлекеттік қызметтегі оң өзгерістер түсіндірілді

Таяуда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Өркен Балажанов ауданға жұмыс сапарымен келді.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөніндегі мәжіліс отырысы өтті.

Мәжіліс отырысын аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды. Жиынның күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына енгі-

зілген өзгерістер мен толықтыруларға түсіндірме беру туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Өркен Байділханұлы хабарлама жасады.

Мемлекеттік грантпен оқу орындарын үздік бітірген түлектер аудан, ауылдарда төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз қабылдана алатыны, «Б» корпусының белгілі бір санаттағы лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен тікелей тағайындалатынын айтып, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақыты режимін сақтауы, қашықтықтан жұмыс, аралас қашықтықтан

жұмыс және икемді жұмыс уақыты режимін реттеу бойынша ақпараттармен бөлісті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Жұртшылық алдында жария сөз сөйлеу дағдылары» тақырыбында ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Түркістан облысы бойынша филиалының Білім беру бағдармаларын іске асыру және ілгерілету кабинетінің меңгерушісі Алия Ахметова тренинг өткізді.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім, мекеме басшылары және ауыл, кент округ әкімдері, аппарат қызметшілері мен мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Шолақорған ауылындағы «Ту тұғыры» алаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай мерекелік шара өтті.

Мемлекеттік Әнұранды орындаумен басталған жиында сөз алған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков:

«Тәуелсіздігіміздің тұма-рына айналған рәміздеріміз біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Халқымыздың мұқалмас рухын, қармандығы мен даналығын, асқақ арман тілегін жеткізетін құнды белгілер. Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздеріміздің мәртебесі асқақтай берсін, - деп тұрғындарды Мемлекеттік рәміздер күні мерекесімен құттықтады.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев жүрек-жарды лебізін білдіріп, рәміздердің қадір-қасиетін атап өтті.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздары патриоттық әндер орындап, мерекелік шара Мемлекеттік Туды желбіретіп ұстаған автошеруге ұласты. Автошеру Шолақорған ауылының негізгі көшелерімен жүріп өтіп, мемлекеттік рәміздер ұлықталды.



САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАРА ӨТТІ



Созақ ауылында 31 Мамыр–Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтті.

Тағылымды шараға аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, ауыл ақсақалдары мен тұрғындар қатысты.

Шара барысында қуғын-сүргін құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, «Жастар» саябағынан бой көтерген «Созақ қасіреті мемориалына» гүл шоқтарын қойды. Бабалар рухына арнайы құран бағышталды.

«Созақ үні»-ақпарат.



ге өз үлестерін қосты.

Мемлекеттік рәміздерді ардақтау мақсатында ауылға кіре беріс тұстағы «Жастар» саябағы алдына «Рәміздер аллеясын» ашып, биіктігі 25 метр болатын «Ту тұғырын» орнатты.

Бүгін Мемлекеттік Рәміздер күніне орай Созақ ауылдық округі әкімдігі мен ауыл жастарының ұйымдастыруымен игі іске арқау болған түлектердің туған жерге тарту еткен «Рәміздер аллеясында» Мемлекеттік Әнұран әуелете шырқалып, Мемлекеттік Ту асқақтата көтерілді.

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні мерекесі қарсаңында Созақ ауылындағы Созақ жалпы орта мектебі гимназиясынан 20 жыл бұрын түлеп ұшқан азаматтар туған ауылын көркейту-

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 25 – 26 мамыр күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған ауылдық округтерінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерінде өткен жиындарға 180 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ

өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, жергілікті зиялылармен бірлесіп азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 12 адам болды. Олар: жұмыссыздық, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкестісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Қаратау ауылдық округі Бақырлы елді мекенінің Қалмырзақлы көшесіне көше жарықтандыруын жүргізуді ұйымдастыру	01.10.2023 жыл	О.Ермахан
1	Қарақұр ауылдық округі Раң елді мекенінің Раң көшесіне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын қамтамасыз етсін	жыл ішінде	Д.Құдайбергенов, Ф.Бимендиев
1	Созақ ауылдық округі Созақ ауылынан спорт алаңының құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды қамтамасыз етсін	жыл ішінде	Ж.Борсабаев, Б.Аяпов
1	Сызған ауылдық округі Қозмолдақ елді мекенінің Т.Төреханов, М.Берістемұлы көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын жүргізу	жыл ішінде	Д.Құдайбергенов, Х.Нұртан

Тасты ауылдық округі әкіміне үміткер ШЕКЕРБЕКОВ БАУЫРЖАН ЗЕЙНІДІНҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Ең бірінші өзімнің күш-жігерімді ауылдың гүлденуі мен өркендеуіне жұмсаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына арнасам деймін. Ел игілігі үшін жасап жатқан мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына ат салысып, аудан экономикасының өрлеуіне, ауыл халқының әлеуметтік тіршілігінің жақсаруына бағытталған жұмыстардың нақты жүзеге асуына бар күш жігерімді жұмсаймын.

Алдымен шаруаларға түрлі қолдау қорлары арқылы несиелендіру ісін жолға қою;

-«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-мен тұрғындардың қарым-қатынасын жаңаша деңгейге көтеру, жасалынған келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету жұмысын жалғастыру. Аудан көлеміндегі өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл жастарының үлес салмағын арттыру, ауданымызда дайындалатын жұмысшы мамандықтар бойынша ҚР «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын пайдалана отырып, жастармен жұмыс жасау жүйесін қалыптастыру. Ол үшін әрбір бос орынға, ашылған жұмыс орындарына қатаң бақылау орнату; Жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету мақсатында жастарға несие беріп, кәсіпкерлікпен айналы-



суға жағдай жасау; Бірінші кезек бірде-бір жұмыс істемейтін отбасыларын жұмыспен қамтуға күш саламын. Ауылға қажетті, қоғамға тапшы мамандық иелерін «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша елге әкеліп, баспаналы және жұмысты болуына ықпал еткім келеді; Ауылда үй құрылысын дамыту арқылы көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамту. Ауыл жастары мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесіп отырып жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал етемін.

Аудан бюджетінен Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысушыларға, көпбалалы және жалғызбасты аналарға әлеуметтік, коммуналдық жеңілдіктер көлемін ұлғайту басты мақсаттарымның бірі болады. Мұғалімдердің еңбек демалысында санаториялар мен курорттарда демалуына тиісті салалық кәсіподақтар арқылы жағдай жасау;

Әкім болсам, қызмет барысындағы мақсат мұнымен шектелмейді. Өмір тудырған, сондай-ақ күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей қауымдастық мүшелерімен бірлесіп шешуге атсалысу менің басты мақсатым. «Жаңашыл қоғам-жастарға мол қуат береді».

Тасты ауылдық округі әкіміне үміткер ТЛЕУЛИНОВ МАНАС БЕЙСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

Құрметті жерлестер!

Ең бірінші өзімнің күш-жігерімді туып-өскен өңірдің гүлденуі мен өркендеуіне арнаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына жұмыс жасаймын.

-Президентіміздің ел игілігі үшін жасап жатқан мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына атсалысып, аудан экономикасының өрлеуіне, ауыл халқының әлеуметтік тіршілігінің

Өмірбаян

Тлеулинов Манас Бейсенбайұлы 1975 жылы 12 қарашада Созақ ауданы, Тасты ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

Ол 1992 жылы Абай атындағы жалпы орта мектебін бітірген. Еңбек жолын ауылда жұмысшы болып бастаған.

1993 жылы ХҚТУ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, физика пәнінің мұғалімі мамандығын алып шыққан.

1997 жылы Абай атындағы жалпы орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі болып орналасып, мектеп бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін қоса атқарған. Сондай-ақ 1998 жылдары «Нұр Отан» партиясы, Шу, Тасты бастауыш партия ұйымының төрағасы.

2013 жылға дейін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болған.

2013-2017 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарған.

2017-2019 жылдары Шу ауылдық округінің әкімі.

2019-2023 жылдары Тасты ауылдық округінің әкімі.



Тасты ауылдық округі әкіміне үміткер АСЫЛБЕКОВ САМАТ БӘЙДІЛДӘУЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы

Құрметті жерлестер!

Ең бірінші өзімнің күш-жігерімді туып-өскен өңірдің гүлденуі мен өркендеуіне арнаймын. Барлық жинаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халықтың бірлігі мен ынтымағына жұмыс жасаймын.

-Президентіміздің ел игілігі үшін жасап жатқан мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына атсалысып, аудан экономикасының өрлеуіне, ауыл халқының әлеуметтік тіршілігінің жақсаруына бағытталған жұмыстардың нақты жүзеге асуына бар күш жігерімді жұмсаймын.

Ауыл шаруашылығы саласына жаңа технологиялар енгізу ісін жетілдіру, мал шаруашылығы мен егіс өнімдерін өңдеу саласын дамыту, шаруаларға түрлі қолдау жасау, қорлар арқылы несиелендіру ісін жолға қою;

-Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту. Аудан экономикасындағы жалпы өнімде бұл саланың үлес салмағын арттыру.

-Аудан территориясында жер қазба байлықтарын игеруге атсалысып жатқан отандық, шетелдік инвесторлармен қарым-қатынастарды күшейтіп, ауданымыздың көркейіп өркендеуіне, экономикасының өрлеуіне, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге ықпалын тигізетін маңызды меморандумалар жасауда тиімді ұсыныстар жасап және сол келісімдердің жүзеге асырылуын қадағалап, іс-жүзіндегі нәтижеге жеткізуге ниеттімін.

-Жұмыссыздық деңгейін төмендету жұмысын жалғастыру. Аудан көлеміндегі өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл жоспарының үлес салмағын арттыру, ауданымызда дайындалатын жұмысшы мамандар бойынша ҚР «Жұмыспен қамту» Заңын пайдалана отырып, ауыл жастарын қабылдау, жүйесін қалыптастыру.

-Жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету. Ол үшін әрбір бос орынға, ашылған жұмыс орындарына қатаң



бақылау орнатып тек ауыл жастарын алу және жеңілдетілген несие беріп кәсіпкерлікпен айналысуға жағдай жасау.

-Бірінші кезекте бірде-бір жұмыс істемейтін отбасыларын жұмыспен қамтуға күш салу.

-Ауылда тұрғын үй құрылысын дамыту арқылы жас мамандарды қызметтік тұрғын үймен, көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамту.

-Уақытша жұмыссыз бос жүрген ауыл жастары мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесіп отырып жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал етемін.

-Ауыл халқының, әсіресе жастардың салауатты өмір салтын ұстануына, дене шынықтыру мен спортпен айналысуына барлық жағдайды жасау. Әрбір елді мекенде спорт зал салу жөнінде бағдарлама қабылдап, жүзеге асыру.

-Ауылдағы негізгі көше бойларындағы ғимараттардың сәулеттік келбетін әрлеп, жақсартуға және жаңа технологиялық құрылғылармен жабдықталуына.

-Елді мекеннің көшелерін жөндету, көгалдандырылуы, көше мен үй аулаларының жарықтандырылуы, көше бойының абаттандырылуына күш саламын.

-Алдағы мақсат мұнымен шектелмейді. Өмір тудырған, сондай-ақ, күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу менің басты мақсатым болып қала береді.

Ұлт болашағы- білімді жастар қолында!

жақсаруына бағытталған жұмыстардың нақты жүзеге асуына бар күш жігерімді жұмсаймын.

Ауыл шаруашылығы саласына жаңа технологиялар енгізу ісін жетілдіру, мал шаруашылығы мен егіс өнімдерін өңдеу саласын дамыту, шаруаларға түрлі қолдау жасау, қорлар арқылы несиелендіру ісін жолға қою;

-Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту. Аудан экономикасындағы жалпы өнімде бұл саланың үлес салмағын арттыру.

-Аудан территориясында жер қазба байлықтарын игеруге атсалысып жатқан отандық, шетелдік инвесторлармен қарым-қатынастарды күшейтіп, ауданымыздың көркейіп өркендеуіне, экономикасының өрлеуіне, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге ықпалын тигізетін маңызды меморандумалар жасауда тиімді ұсыныстар жасап және сол келісімдердің жүзеге асырылуын қадағалап, іс-жүзіндегі нәтижеге жеткізуге ниеттімін.

-Жұмыссыздық деңгейін төмендету жұмысын жалғастыру. Аудан көлеміндегі өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл жоспарының үлес салмағын арттыру, ауданымызда дайындалатын жұмысшы мамандар бойынша ҚР «Жұмыспен қамту» Заңын пайдалана отырып, ауыл жастарын қабылдау, жүйесін қалыптастыру.

-Жұмыссыздық деңгейін барынша төмендету. Ол үшін әрбір бос орынға, ашылған жұмыс орындарына қатаң бақылау орнатып тек ауыл жастарын алу және жеңілдетілген несие беріп кәсіпкерлікпен айналысуға жағдай жасау.

-Бірінші кезекте бірде-бір жұмыс істемейтін отбасыларын жұмыспен қамтуға күш салу.

-Ауылда тұрғын үй құрылысын дамыту арқылы жас мамандарды қызметтік тұрғын үймен, көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамту.

-Уақытша жұмыссыз бос жүрген ауыл жастары мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқықтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында тиісті заң қызметкерлерімен бірлесіп отырып жұмыс жүргізіп, іс-шаралар өткізу арқылы қылмыстың азаюына ықпал етемін.

-Ауыл халқының, әсіресе жастардың салауатты өмір салтын ұстануына, дене шынықтыру мен спортпен айналысуына барлық жағдайды жасау. Әрбір елді мекенде спорт зал салу жөнінде бағдарлама қабылдап, жүзеге асыру.

-Ауылдағы негізгі көше бойларындағы ғимараттардың сәулеттік келбетін әрлеп, жақсартуға және жаңа технологиялық құрылғылармен жабдықталуына.

-Елді мекеннің көшелерін жөндету, көгалдандырылуы, көше мен үй аулаларының жарықтандырылуы, көше бойының абаттандырылуына күш саламын.

-Алдағы мақсат мұнымен шектелмейді. Өмір тудырған, сондай-ақ, күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу менің басты мақсатым болып қала береді.

Қадірменді жерлестер!

Осындай алға қойған міндеттерімізді орындауда Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін.

Барлық мақсаттарымды іске асыруда Еліміздің саяси жүйесіндегі оңды өзгерістермен ұштастыра отырып жұмыс жасайтын боламын.

БІР ТОЙЫМ БОЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ МЕНІҢ...

Өткен аптаның қасиетті жұмасы күні Созақ ауылында Созақ ауылдық мешіті ашылды. Бір күн бұрын бейсенбі күні жаңа мешіттің 240 адамдық жаңа асханасында алыс-жақыннан келген меймандар мен ағайын-ауылдастарға қонақ асы берілді. Келген меймандар қонақасыға дейін мешіттің жайымен танысты. Бұл мешітті салып, ел игілігіне пайдалануға ұсынып отырған Созақ ауылының перзенті, жеке кәсіпкер, "Бур Геопроект" ЖШС директоры Жұмабеков Мұрат Сейітбекұлы. Мешіттің сыйымдылығы 750 жамағатқа лайықтап салынған. Екінші қабаты әйел кісілерге арналған. 150 адамдық орны бар. Дәрет алатын, жуынып шайынатын арнайы жайы да бөлек салынған. Газ жүйесі тар-



Ынтымақтың ортаймасын қазаны,

тылған. Екі азан шақыртын мұнарасы бар. Арнайы көлік қоятын жайы, демалатын орны бәрі де тегіс ойластырып қамтылған. Қонақасы дастарханында ауылдың ақсақалы, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бейімбет Байғараев, жартытөбелік ақсақал Созақ ауданының құрметті азаматы Сағынтай Мұсабеков, ауыл азаматы Болат Ысқақов, Сейітбек ағамыздың өзге өңірлерден келген құда-жекжаттары, ағайын-туыстары сөз алып жақсы істің басында бастан аяқ жүрген азаматтарға жүрек-жарды игі тілектерін білдірді. Белгілі кәсіпкер Бәкен Мақұлбеков ұстазы Сейітбек Жұмабеков ағасын ізет тұтып иығына шапан жауып сый-құрметін көрсетті. Әрине, мешіт салу оңай іс емес. Оғанда Алланың құдіреті мен күш қуаты, мешіт салушы азаматтың ізгі ниеті мен көңіл қалауы керек. «Жалғыз ағаш орман болмас», «Жаяудың шаңы шықпас» демекші Мұрат ініміз бауырларымен бірлесе атқарған игілікті істің жарқын көрінісі көз алдымызда тұр. Ол еңселі мешіт ғимараты. Заманның жаңа талаптарына сәйкестендіріліп салған мешіт алыстан менмұндадай көз тартады.

Нағыз думанды шара ертесіне – жұма күні басталды. Бұл күні сағат 10-да мешіттің салтанатты ресми ашылуы болды. Мешіттің ашылуын республикалық «Өнер қырандары» театрының директоры Серікбай Мадияр есімді елге танымал актер жүргізді. Облыстық дін басқармасының бас имамы Ержан қажы Сматаұлы әруақтарға құран бағыштаудан бастады. Әрине, ақжарма тілектерін айтуға келген халықтың есебі жоқ. Мешіттің ашылуына дейін халық нәпірі көбейе түсті. Ауданның барлық елді мекендері мен ауылдарын түгелімен әлеуметтік желі



арқылыасқа шақырған болатын. «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге бар ма!» демекші, ауданның барша жұрты ағылып келіп жатты. Мешіттің салтанатты ашылуында жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Әшірбек Көпіш, Созақ ауданының Құрметті азаматтары қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер ұстаз Мырзахмет Жылысбаев, еңбек ардагерлері Бейімбет Байғараев, Қойшыбай Махашов, Сексенбай Тұрысбеков, Рысбай Әбдіраманов, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы, Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Нұралы

Алмаханұлы Абишев, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков, ауыл ақсақалы Бекболат Тұрысбаев айтулы мерекемен барша жиылған көпшілікті құттықтап жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар, шарада облыстық мәслихаттың депутаты Бегімбет Байғараев, Созақ аудандық мәслихатының төрағасы Ордабек Жәмиев, ауданның ауыл, кент әкімдері, бөлім, мекеме басшылары болды. Облыстық дін басқармасының басшысы, облыстың бас имамы Ержан қажы Сматаұлы мешітке құран кітабын сыйға тартып, мешіт салған Мұрат Сейітбекұлына ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти На-

урызбай қажы Тағанұлының сәлемін жеткізіп, алғыс хатын табыс етсе, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Әшірбек Көпіш өзінің имандылық тұрасында жазылған көп томдық шығармасын тарту етті.

«Бүгін міне сіздермен сауапты істі қолына алып, асыл дініміздің аймағымызда кеңінен құлаш жаюына үлкен үлес қосып, сауапты істердің жанынан табылған жерлесіміз, жеке кәсіпкер "Бур Геопроект" ЖШС директоры Жұмабеков Мұрат Сейітбекұлының демеушілігімен салынған рухани ғимараттың ашылуында жиналып отырмыз. Біз осындай рухани ғимаратты тәуелсіздігіміз бен тұрғындардың ауызбіршілігі арқасында ашып отырмыз. Кез келген адамды тіліне, нәсіліне, ұлтына қарап бөлмей, бастарын бір жерге тоғыстыратын мешіттің ашылуына арқау болған арда азаматымызға алғысымызды білдіреміз,» деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Әрине, мешіттің ашылуы болған соң әруақтарға тек құран ғана тиетіні белгілі. Сол себепті ара арасында имандылық тұрасындағы ән-жыр айтылып, құран бағышталып отырды. Түс әлетінде Созақ ауылының саябағында 5000-ға жуық асқа келген аудан жұртшылығына ас берілді. Ас үстінде де Сүгір мен Төлеген аталарымыздың шертпе күйлері күмбірлеп тұрды. Ас қайырып болған барша жұртшылық қайта мешітке қарай ағылды. Өйткені, жұма намазы тұңғыш рет жаңа мешітке оқылғалы тұр. Мешіт ішілік толды. Сыймаған жамағат есіктің алдына дейін шығып ниет етіп жатты. Жұма намазын облыстық бас имам Ержан Сматаұлы Төлепов жүргізді. Астыңғы, үстіңгі қабатта ине шаншыр орын қалмады.



«АРМЫСЫҢ АЛТЫН ТӨРІ АЛТЫ АЛАШТЫҢ!»

Жұма намазынан кейін «Созағым – қазағымның құт мекені» атты думанды ақындар айтысы басталды. Ақындар айтысына «Құрмет» орденінің иегері, «ақындардың арыстаны» атанған түркістандық Бекарыс Шойбеков, «Алтын домбыраның» үш дүркін иегері, қызылордалық Мұхтар Ниязов, «Батыстың батыр қызы» атанған батыс қазақстандық Жансая Мусина, шымкенттік талантты айтыс ақыны Нұрлыбек Мейірманов, «Теріскейдің тарланбозы» атанған созақтық Қалижан Білдаш пен «айтыстың перісі» атанған түркістандық Еркебұлан Қайназаров, азулы ақын қарағандылық Дидар Қамиев пен айтыстың ардагері атанған арқалықтық Айбек Қалиев сияқты сен тұр мен атайын» дейтін азулы



Әбділдина, Қыдырәлі Болманов, ҚР Мәдениет қайраткері Жұбаныш Жексенұлы, елге белгілі әнші-композитор Берік Сексенбекұлы, Асқар Жүнісбеков және тағы басқа танымал өнер шеберлері жаңа мешіттің ашылуы құрметіне түн жарымы ауғанша әннен шашу шашты. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы сахна төріне көтеріліп көпшіліктің алдында кәсіпкер Мұрат Сейітбекұлына өз атынан аудан әкімінің алғыс хаты мен сый сияпатын табыс етті.

ЕНДІГІ КЕЗЕКТЕ МЕШІТТІ ЕЛ ИГІЛІНЕ ҰСЫНҒАН МҰРАТ ЖҰМАБЕКОВ КІМ?

Мұрат Сейітбекұлы Жұмабеков Созақ ауылының тумасы. 1974 жы-

Мешітінен үзілмесін азаны



түсті. Қашанда итің жаман десе көңілі жартымсыз көңіл кешетін әрбіріміз үшін, әсіресе Созақ үшін осы күні мерейіміз асқақтаған күн болды. Аламан айтыста бас жүлде 2000 000 (екі миллион) теңгені «Армысың алтын төрі алты алаштың!» деп Созақты жығға қосқан Бекарыс Шойбеков, бірінші орын 1 000 000 (бір миллион) теңгені Жансая Мусина, екінші орын-700 000 (жеті жүз мың) теңгені Мұхтар Ниязов, 500 000 (бес жүз мың) теңгеден екі үшінші орынды Қалижан Білдаш пен Айбек Қалиев, қалған үш ақынға Нұрлыбек Мейірманов, Еркебұлан Қайназаров, Дидар Қамиевтерге 200 000 (екі жүз мың) теңгеден ынталандыру сыйлығы бұйырды. Бас жүлдені Бекарыс Шойбековке аудан басшысы салтанатты жағдайда ел алдында табыс етті.

–Айтқандай мешіттің атауына келсек, мал егесі демекші, өзге жұрт сияқты атасының немесе әжесінің атын қойса да болар еді. Көргені көп, білгені мол азамат екен. Созақ жұртына арнап тұрғызылғаннан кейін елдің игілігіне ортақ атауы болуы керек деп «Созақ ауылдық мешіті» деп атағанының өзі елдің сүйіспеншілігін оятты. Созақтағы салынған алғашқы мешіттен

кейін араға 134 жыл салып, бір жылдың ішінде яғни өткен жылдың 6 мамыры күні іргетасын қалап, биылғы жылдың мамыр айында құрлысын түбегейлі, сапалы аяқтап ел игілігіне ұсынуы азаматтық болған екен. Бір жылда бір мешіт салатын мұраттай жігіт жүз жылда бір туылатын шығар,-дейді Бекарыс Шойбеков бізге берген сұхбатында. Ауыл жұртшылығы аудан басшысы Тұрысбеков Мұхиттың мешіт салу ісіне зор қолдау білдіргеніне, Мұраттың мұратты ісіне риза болысып ақ баталарын селдетті. Шын, ризашылық көңілмен жаратушыдан Сейітбек көкеміз бен оның ұрпақтарына ұзақ ғұмыр, екі дүниенің бақытын көруін тілеп риза болысты.

ЖҮЛДЫЗДАР СӘУЛЕ ШАШҚАН КЕШ

Осы күні кешкісін Созақ ауылының орталық алңында «Теріскей айналайын келбетіңнен!» атты қазақ эстрадасының жұлдыздары мен Өзбекстан республикасынан келген өзбек эстрадасының жұлдызы «Бархан» тобы өнер шеберлерінің концерті басталды. Кешті белгілі актер, сахна шебері Жанатбек Бәйтеков жүргізді. Кеше дәстүрлі әнші Айгүл Қосанова, әнші Досымжан Таңатаров, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Қарақат

лы Созақ ауылында дүниеге келген. Созақ жалпы орта мектебін бітірген. Жоғары білімді маман. Бірнеше жылдардан бері кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Қайсыбір жылы естеріңізде болса, Қарақұр ауылына қарасты Шаға елді мекенінде тұрмыс ахуалы төмен, күн көрісі нашар отбасыға ауылдан өзге қалаға көшіп бара жатқан бір азаматтың жаңа тамын әулі жайымен, қора қопсысымен қоса сатып алып алып әлгі отбасыға тарту еткені бар еді. Онда да осы Сейітбек көкеміз басшылық жасап, ағайынның көдесіне бір жарап еді. Халқымызда «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші әке ақылын тыңдаған азамат осылайша елдің ризашылығы мен Алланың сансыз сауабына молығып отыр.Әкесі Сейітбек Жұмабеков пен анасы Жұмакүл Шеріқызы Қазақ ССР Білім беру ісінің үздіктері, ағамыз шәкірттеріне физика пәнінен сабақ берсе, апай математикадан дәріс берді. Жұмакүл апамыз елге сыйлы, шәкірттеріне, ата-аналарға қадірі артқан ұлағатты ұстаз болатын. Болатын дейтін себебіміз апамыз ұл-қыздарының осындай ел игілігіне жарарарлық тірлік істеген бүгінгі күнін көре алмай кетті. Дендеген науқастан осыдан бірнеше жыл бұрын көз жұмды. Әйтеуір артында жақсы сөз ергізер ұл-қыздары қалды.

жүйріктер жыр сайысын қыздырды. Әділ қазлар алқасы тобында жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Әшірбек Көпішов, Б.Өтепов атындағы өнер мектебінің директоры Маржан Есжанова, осы жолдардың авторы Мақсат Қарғабай болып барынша ел көңілінен шығардай әділ қазылық етті деп ойлаймын.

Жалпы жұрттың ойымен саннасақ аспан астындағы айтыс керемет жоғары дейгейде өтті. Айтылмаған тілек, қозғалмаған тақырып қалмады. Созаққа туылғалы бері Созаққа алғаш табанын тигізіп, бірінші рет келіп отырған азаматтар да бар екен. Жансая қарындасымыз; - Еліміздің талай ауылдары мен аудандарында болдым. Бірақ Созақ ауданындай сәулеті жарқыраған, көшелері асфальттенген, тап-таза айнадай ауыл көрмеппін. Елдің ауызбіршілігі мен ынтымағына риза болдым,-деген бір ауыз сөзі онсыз да көкке екі елі тимей тұрған төбемізді көтере



Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Жақында жеке архивімді ақтарып отырып, 1978 жылғы мамыр айында жарық көрген мақаламның қиындысын тауып алдым. Әбден сарғыш тартқан парақтағы жазбаны қайтақайта оқып, өткен балалық шақты, оқушылық өмірді көз алдыма елестеткендей болдым. Талай оқиғалар кино лентасындағы кадр тәрізді зырылдап, көңіл көкжиегін бойлай өтіп жатты. Газет ол жылдары “Молшылық үшін” аталатын. Редакторы болып майдангер журналист Бектаев Тәуекел еңбек ететін. Сол кезеңде біз сияқты жас талап оқушылардың жазғандарын редакция қызметкерлері өңдеп, екшеп, жарамды деп есептегендерін кезекті нөмірге салып оты-



жарқын бейнелері әрдайым жадымызда тұр. Алтынқұл, Ермек, Катя, Аяш, Анар т.б. апайлардың да мейірімді жүздері есіміден шықпақ емес. Әділ, Мұқан, Әшімхан ағайлар, Раушан, Қарлығаш, Тоты, Мәрияш, Қаншай, Мәруа, Күндей, Балқия, Әсем, Ғарапа, Сатан, Мираш т.б. апайларымыздың өмір жастары ұзақ болсын деген тілек білдіреміз. Мектептің аттестат беру туралы журналындағы тізім бойынша 1977-1978 оқу жылында Ш.Уәлиханов мектебінің 10"А", "Б" кластарын 39 шәкірт тәмамдаған екен.

Жаңабай бастаған тізімді Ләззат А., Тұмартай, Әбілқасым, Ергали, Сара А., Ұлтай, Рахымбай, Айна, Ілияс, Ибакүл, Жұман, Би-

түспей жатқан, бірер класс бірге оқыған құрдастар аталмай қалса, ғапу өтінеміз.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, 1978 жылғы 25-майдағы соңғы қоңырау салтанатында бірге тұрған (4-суретте) 39 кластастың, өкінішке қарай, 5-і бақылық болған еді. Дархан, Ермек, Меруерт, Әтіркүл, Сәуле құрдастарымыздың жандары жәннатта болсын, отбасылары мен ұрпақтарына амандық тілейміз.

Ая, 45 жыл - аз мерзім емес, кешегі бозбала мен бойжеткен бүгінде ата-әже атанып отырған жайы бар. Ертерек тұрмысқа шыққан қыздардың алды шөбере сүюге дайындалып жүргені де жасырын емес. Адамның көзі мен көңілі еш-

ЕСІНДЕ МЕ СОЛ БІР КЕЗ...

ратын еді. Бұл дегеніміз - жазуға ынтасы бар жастарға үлкен қолдау болатын. Мақаланың бас жағы: “Міне, соңғы қоңырау сыңғыры да таянды. Таянған сайын он жыл білім берген аяулы мектебінді, ақжүрек ұстаздарыңды қимайтын сияқтысың. Алғаш рет мектеп формасын киіп, үлкен үйдің табалдырығын аттағанда қарсы алған ұстаздарымыз енді бізбен жымиып, қимастықпен қоштасады,” - деп басталады да, соңғы абзацы: “Әне, тыңдайықшы... қоң-

45 жыл уақыт өте шығыпты. Бірге бітірген қыздарымыздың барлығы зейнетке шығып үлгерсе, жігіттердің де алды құрметті демалыста. Біз екі класты 39 оқушы бітірген едік. Ал енді төменгі кластарда, 9-класқа дейін бірге оқығандарды қосқанда, жалпы 50-ге жуықтап қалар. Бастауышты Аққолтық ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы сегізжылдық мектептің ескі ғимаратында оқысақ, 5-10 кластарды 1973 жылы пайдалануға берілген жаңа мектепте бітірдік. Біз-орта

мектеп тарихындағы 4-ші түлектеріміз. Қазір бұл ғимаратта “Асылжан” балабақшасы жұмыс істейді. Мектеп 2016 жылдан бері 2 қабатты типтік жайға көшкен.

Әңгіме ауаның ұлағатты ұстаздарға бұрсақ, алғашқы ұстазымыз - Сайлау ағай, пән мұғалімдері - Арғынбек, Болысбек, Жылқайдар, Ыдырыс, Қалдан, Төлеген, Дінтай, Әлі, Өмірзақ, Жолшы, Түйеші, Қашқынбай, Ділдахан, Асылхан, Тұрсынбек, Лесбек, Қуаныш т.б. ұстаздардың



1968 жыл. Сайлау ағаймен 1-класста



1970 жыл. Қарлығаш апаймен 3-класста

ырау сыңғыры! Ғажайып үн, қайталанбас сыңғыр. Осы бір таңғажайып сыңғырда қандай сырлар жатыр! Ойлайықшы, сол сыңғырда он жылғы өміріңнің пернесі жатқан жоқ па?! Қоңыраумен мектеп табалдырығын аттап, қоңыраумен қоштаспақшымыз. Музыка, артынша ән естілді. Бұл - қимастықтың қайталанбас әні!” - деп аяқталған. Ол кезде 17-ге де тола қоймаған бозбала шағымыз, мектеп бітірушіміз, өзіндік ой-өрісімізді білдіріп жазған мақаламызды жариялаған редакциядағы ағаларға мың тағзым! (мақала қиындысының суреті берілді).

Өмір доңғалағы тоқтамастан зырғып, содан бері



1978 жыл. Соңғы қоңырауда Қуан ағай, Әсем апаймен

байша, Ғалымбек, Абай, Тамара, Нәзира, Сағат, Тұрсынқұл, Сәуле, Аманқұл, Ұрқия, Тәттікүл, Ағман, Есенжол, Рахия, Сара Б., Әтіркүл Б., Бейбіткүл, Әтіркүл Б., Жұмакүл, Айткүл, Күлайхан, Ермек, Ләззат Т., Меруерт, Әтіркүл Ш., Биташ қоштап, Дархан аяқтап тұр екен. (алфавит бойынша)

Сонымен бірге, 8-класстан кейін басқа жаққа ауысқан, бастауышта ғана бірер жыл бірге оқыған Мүтән, Сәкен, Темірхан, Дүйсенбай, Әлімбек, Қантүл т.б. құрдастарымыз да еліміздің әр өңірінде ғұмыр кешуде. Ойлана келе, бір жылдары Жиден, Шәден ағаларымызбен де кластас болғанымыз еске түсіп жатыр. Мүмкін, есімдері еске

қашан уақыт тезіне бағынбайды деп жатады ғой, алпыстың асуынан өте шыққан кластастарыма көздеріңнен нұр, жүздеріңнен әр таймасын, көңілдерің шуақты, жан-дүниелерің қуатты бола берсін демекпін!

Жазбамның басында айтқанымдай, осыдан аттай 45 жыл бұрын, мектеп бітіруші 17-дегі бозбалаға газет бетінен орын берген ауданымыздың айнасы іспетті “Сөзақ үні” ұжымына бүгін де басылым бетін ұсынғаны үшін ризашылық білдіреміз! Сөзімнің соңында бірер шумақпен түйіндегенді жөн санадым:

Есіңде ме, жетпіс сегіз көктемі,

Содан бері қаншама гүл көктемді...

Өмір атты нән кітапты парақтап,

Қырық бес жыл...білдірместен өткені..

Есіңде ме, бойжеткен мен бозбала,

Бұла шақтар...сөз қататын наздана...

Өзгермеген сол баяғы көзқарас,

Тек өзгеріс тұлғасында азғана...

Есіңде ме, ұстаздар мен достарың,

Армандаған бірге алам деп асқарың..

Бағалай біл ғұмырыңның әр сәтің,

Уақыт-жүйрік, өте шығар қас-қағым..!

Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі.

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Жегі құртына жем болмайық!

Сыбайлас жемқорлық-айналасын шырмауықтай шырмап, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Осы бағытта берік ұстанған Созақ аудандық статистика басқармасы ұжымы ауызбіршілік пен ынтымақта қасиретті дерттің алдын алуда бірлесіп жұмыстар атқаруда.

Гүлдана ЖӘНІБЕКОВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.

Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Бейсеқұлов Әзімханға ағасы

Бейсеқұлов Қайдауылдың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мангышлак-Мунай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 12 шілде сағат 14:00 де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызмешек ауылы, Мәдениет үйінің ғимаратымекен-жайында «Придорожное газ кен орнын игеру жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» 01.01.2023-жыл жағдайына жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/7974357413?pwd=T2QrbE8vMU5iVIRTWIIHcUlJQVBPOT09>
Идентификаор конференции: 797 435 7413

Код доступа: 0E6NRW
Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: akabylova@opm.kz және телефон 8(7292)544050-163.

Жоба тапсырушы «Маңғышлақ-мұнай» ЖШС, БСН031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» жобалау институты» ЖШС, БСН 000740000123, телефон +77027886287 - Кабылова А.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мангышлак-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 12 июля 2023 года, в 14:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, Дом Культуры состоится общественные слушания по проекту «Отчёт о возможных воздействиях к проекту разработки газового месторождения Придорожное» по состоянию на 01.01.2023.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, а так же на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а так же на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний

<https://us05web.zoom.us/j/7974357413?pwd=T2QrbE8vMU5iVIRTWIIHcUlJQVBPOT09>

Идентификаор конференции: 797 435 7413

Код доступа: 0E6NRW

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: akabylova@opm.kz и по телефону 8 (7292)544050-163.

Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлак-Мунай». БИН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.

Разработчик проекта: ТОО «Проектный институт «Оптимум», БИН 000740000123, телефон +77027886287 - Кабылова А.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Созақ аудандық СЭББ.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың маусымайының 19 жылдығында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Өткір ішек жұқпалы аурулары көп таралған аурулардың бірі. Бұл ауруға маусымдық тән, яғни аурушаңдық көктем-жаз айларында бас көтереді. Себебі бұл уақытта табиғаттың ауа-райы өзгеріп, күннің ысуынан тағамдардың тез бұзылуы әсер етсе, осы уақытта көкөністердің пісіп, адамдардың оны қолдануы аурудың жоғарылауына әсе-

тағам арқылы, су арқылы, тұрмыстық қарым-қатынас арқылы. Өткір ішек жұқпаларының алдын-алуының қарапайым ережелері:

Тағамды қолданар алдында термиялық өңдеуден өткізу, үйде дайындалған тағамдардың сақталуына аса көңіл бөлу, жеке қолдан сатып алынған сүт тағамдарды әбден қайнатып ішу, балаларға

Өткір ішек жұқпаларының алдын-алу

рін тигізеді.

Ауру көзі – ауру адам немесе бактерия тасымалдаушы. Аурудың берілу жолдары: тағам, су және қарым-қатынас жолы. Аурудың тағам арқылы жұғу жолы жиі кездеседі, су арқылы жұғу жолы сирек кездеседі. Ал қарым-қатынас жолында аурулармен қарым-қатынас болған жағдайда жеке бас гигиенасын сақтамағаннан және науқас адамның ыдыс-аяқтары арқылы жұғуы мүмкін. Ауру көп жағдайда жедел басталып, дене қызуы жоғарылап, күніне аурудың ағымына байланысты бірнеше рет құсу, іш өту, мазасыздану, бас ауру, іш аймағы бүріп ауырады. Іш өту салдарынан адам организмі (әсіресе балаларда) сусызданып, адам организміне маңызы көптеген микроэлементтерді жоғалтады. Сондықтан бұл жағдайда дәрігерге көріну керек. Ал ең жақсы ауруды емдегенше ауырмайтын жолын іздеу. Сондықтан аурудың алдын алу үшін аурудың берілу жолын, клиникасын, аурудан сақтану жолдарын білу өте маңызды.

Аурудың берілу жолдары:

мүмкіндігінше суды қайнатып беру, көшеден әр түрлі тағамдарды сатып алып жегенде тағамның түр-түсіне қарап-жеу;

Балалардың жеміс-жидек, көкөністерді жегенде әбден суға жуып жеуін қадағалау, жеке бас гигиенасын сақтау, тағы да аналардың есіне салатын жәйт-балаларды емізер алдында немесе балаларға тамақ берер алдында жеке бас гигиенасын сақтау;

Ас дайындау, ыдыс жуу, ауыз су үшін ашық айдындардың, арықтардың суын пайдаланбаңыз;

Дайындалған тағамдарды ашық қалдырмаңыз;

Жылдам бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтаңыз;

Ас ішер алдында, дәреханадан кейін қолдарыңызды сабындап жуыңыз;

Естеріңізде болсын! Жеке бас гигиенасын сақтау, тұрғын жайларды таза ұстау арқылы, Сіз өзіңізді және қоршаған адамдарды ішек жұқпаларынан қорғай аласыз.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басқармасының басшысы.



Әдебиет әлеміндегі әйел жүрегі

Керемет, мағыналы тақырыпта игілікті, рухани іс шара өтті. Шолаққорған ауылында «Мыңжылқы» мәдениет үйінде бүгін керемет, тағылымы мол іс шара өтті. Білгілі журналист, қарымды қаламгер Есенгүл Көшербайқызы жерлестерімен, әдебиет сүйер оқырмандарымен кездесті. Шығармашылық басқосуға зиялы қауым өкілдері, журналистер, жазушылар, өнер сүйер қауым қатысты. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы айтулы іс шарада жерлес қаламгерге ақжарма ақ тілегін білдіріп, ізет көрсетті.

Белгілі журналист Есенгүл Көшербайқызы оқырмандармен, жергілікті халықпен еркін формат-

та әңгіме өрбітіп, барлық ой пікірімен бөлісті. Туған жерге деген ыстық ықыласын, махаббатын, мақтанышын, ризашылығын жеткізді.

Аудандағы «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері қарымды қаламгерге өз ниет, ықыластарын білдірді. Жергілікті халық Есенгүл Көшербайқызының шығармашылық бел бөлестеріне, ой орамына, тапқырлығына, мықтылығына, сауаттылығына, жаңашылдығына тәнті болып, өз ризашылықтарын білдірді.

Жазарыңыз мол болсын Есенгүл апай!

Нұржамал МАЙУСОВА.

Аруын ардақтаған аудан

«Мыңжылқы» мәдениет үйінде жазушылықты жанына серік еткен талантты журналист Есенгүл Көшербайқызының мерейтойына арналған «Әдебиет әлеміндегі әйел жүрегі» атты кездесу кеш өтті.

Мерейтойда алдымен кешке жиналған қонақтар «Мыңжылқы» мәдениет үйінің фойесіне қойылған қаламгер жерлесіміздің шығармашылығына арналған көрмені тамашалады.

Одан кейін Есенгүл Көшербайқызының өмір жолына арналып, «Ыстық леп» әңгімесінен алынған бейнебаян көрсетілді.

Ақыны мен жазушысын құрметтеуді дәстүрге айналдырған ұлттық болмысқа сай ұстанымды арқалаған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ұзақ жыл журналистика саласында із қалдырып, ұшқыр қаламымен талай дүниелерді қамтып, қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосып жүрген қаламгер Есенгүл Көшербайқызына ақ тілегін жеткізді. Алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Мерекелік шара аясында жылы лебіздерімен аралас аудан өнерпаздарының орындауындағы әсем әндерге де кезек беріліп жатты.

Қарымы мықты қаламгер апамыздың мерейтойына арнап ыстық ықыласы жеткізіп, облыс әкімінің құттықтау хаты мен сый-сияпатын табыстады. Облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Дәулетұлы және облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Аңсар Жаңабайұлы, «Turkistan Media Holding» ЖШС бас директоры Жанахмет Жәнібекұлы сынды

азаматтардың сәлемін де жеткіздім.

Рухани шарада 97 жасқа келген батыр ана, ауданның Құрметті азаматы Ұрхан Айтқанбетқызы ақ батасын арнады.

Сайрам ауданы мен Түркістан облысының Құрметті азаматы, жазушы Баян Тіленшиева, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Жылбек Сенбекұлы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім басшысы Дәулет Тұрсынұлы, ауданның Құрметті азаматтары Елтай Естанов, Арынбеков Бүркіт, Нұржамал Төлеуова бастаған көптеген зиялы қауым өкілдері мен журналистика саласының майталмандары Есенгүл Көшербайқызының мейірімін таныған жүрегі мен барлық табиғи болмысына, адалдығына тоқталып, жазушының шығармалары жайында әңгіме өрбітті.

Ия, айтса айтқандай, қазақтың қайсар мінезді ақын қызы атанған Фариза апамыздың қолдауына ие болған Есенгүл апай жай қаламгер емес. Қаламынан туындаған мықты мақалалары мен шындықты ту етіп айтқан сындары қай кезде істің оң шешімін табуға түрткі болатынын жұрт жақсы біледі.

Шара соңында Есенгүл Көшербайқызы өзінің туған жеріне деген сағынышын жеткізіп, кешті ұйымдастыруға қолдау білдірген аудан басшысы мен «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің басшысы Нұржамал Майусова бастаған мүшелеріне алғысын жеткізді.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан медиа холдингінің
атқарушы директоры.

Қоғамдық кеңестің отырысы өтті

Өткен жеті, мамырдың 30 күні аудандық әкімдігінің жаңа кіші мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңес мүшелерінің басым көпшілігі жиылған басқосуды төраға М.Сапаров сөз сөйлеп ашты және күн тәртібінде қаралатын мәселелерге бір тоқталып өтті. Бұл жолғы жиында: Аудандық Жер қатынастары және Кадастр бөлімдерінің басшыларының; Шолаққорған ауыл әкімі мен Орман шаруашылығы мекемесінің басшысының есебі тыңдалатыны жайында алдын-ала аудандық «Созақ үні» газетінде жарияланған болатын. Әдеттегідей есебі тыңдалатын бөлім басшылары мен ауыл әкімінің және мекеме басшысының баяндамасы алдын-ала тарқатылып беріліп, кеңес мүшелері толықтай танысып шыққан еді. Сол себепті де төрағаның ұсынысы және кеңестің қолдауымен бірден кезекті сұрақ-жауапқа беруге өзара келісіп алды.

Әуелі орман шаруашылығы мекемесінің басшысы Жүнісхан Әлімбеков есеп берді. Жүнісхан мырзаның бұл аудандық қоғамдық кеңестің алдында алғаш есеп беруі ма дедім. Олай дейтінім, ә- дегеннен Созақ ауданында орман шаруашылығы мекемесінің қарауында, яғни, ерекше қорғалатын 1 млн 800 га жер барынан тартып, Жамбыл облысы мен Қызылорда кенті аралығын алып жатқан алқапта 3 орманшылық барына дейін айтып өтті. Тағы да өзі басқарып отырған мекеменің атқаратын жұмысына кеңінен тоқталып, алдағы жұмыс жоспарларымен таныстырды. Сөз соңында, қоғамдық кеңеске мынадай ұсыныстармен шықты:

Біріншісі, Қызылкөлдің орман шаруашылығы иелігінен алынып, ауданымыздың жер қорына қайтаруы үшін тиісті министрліктерге хат жолдасаңыздар. Себебі, қазір Қызылкөл орман шаруашылығына қарап тұрғанда оның айналасында аудан жұртшылығына игілігі тиетін ешбір жұмыс атқара алмаймыз. Әйтпесе, көл маңына келіп, арнайы демалыс әрі емделу мақсатында және кәсіпкерлік бағытта ғимарат салуға ниетті азаматтардың қатары артып отырғандығын алға тартты. Одан бөлек, болашақта ауданымызда туризмді дамытамыз десек, Қызылкөлдің маңызы зор екендігін де тілге тиек етті. Әрине, көптің көкейінде жүрген, ауданымыздың бірқатар азаматтары әртүрлі деңгейде сауал етіп көтеріп жүрген бұл мәселе кеңес мүшелерін де бей- жай қалдырмады. Төраға бастап, мүшелері қосап, Жүнісхан Әлімбековтың атына қажетті хатты жазып беруге келісе кетті. Екіншісі, ауданымыз ауыл және мал шаруашылықты болғандықтан ықылым замандардан төртүлік мал тұтынатын шаруа қожалықтары жаз жайлауға қыс қыстауға көшуді әдетке айналдырған. Әсіресе, ұжымшар және кеңшарлар жұмыс істеп тұрған кеңес заманында бұл үрдіс ауқымды түрде жүретін. Тек, еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы тоқырау зманында ұжымшарлардан құралып, алып кеңшарларға біріккен шаруашылықтар әуелі қайта ұжымшарларға



бөлініп, кейіннен жекешеленіп кеткен еді. Сол жеке шаруашылықтар бүгінде іріленіп, бұрынғыдай ауыл маңынан шықпай жайылудан арылып, соңғы уақыттарда қыста құмға, жазда Бетпаққа көшіп барып отыруды әдетке айналдырып жүр. Осы ретте, құмдағы жайылым жерлердің барлығы дерлік орман шаруашылығы мекемесінің иелігінде болғандықтан шаруа қожалықтар малдарын жайғандары үшін мемлекет жекіткен тарифпен төрт түлік малдың басына ақша төлейтін көрінеді. Сондай-ақ, облыстық мәслихаттар бекітетін сол тарифтердің құны Қызылорда мен Жамбыл облыстарында едәуір төмен болса, біздің облысымызда кәдімгідей қымбат екен. Нәтижесінде, бұл тарифтер ауданымызда мал шаруашылығымен айналысып отырған кәсіпкерлер үшін әжептәуір мәселе боп тұр. Өзім ауыл және мал шаруашылығы жиындарына жиі қатысып, осы салаға қатысты мақалалар жазып жүргендіктен бұл мәселе маған да таныс. Міне, осы бір көптің көңілін күпті еткен мәселені хатқа түсіріп, облыстық мәслихатқа жолдауды да кеңес мүшелері өз мойындарына алды.

Мұнан әрі есеп беруге шыққан аудандық Жер қатынастары мен Кадастр бөлімінің басшылары Бауыржан Әбенұлы мен Тимур Асқарбековке қойылған сауалдар ауданымыздағы игерілмей жатқан үй іргелік және ауыл шаруашылығы жерлері төңірегінде болды. Бұл азаматтардың екеуі де бұл бағытта жұмыс атқарылып жатқаны жөнінде мәлімдеді.

Келесі болып есеп беруге шыққан ауыл әкіміне берілген сауал аудандық аурухананың артындағы жеке меншік жердің күл қоқыс полигонына айналып, аурухана қызметкерлері мен емделушілерге және сол маңда тұрып жатқан тұрғындарға жайсыздық тудырып жатқандығы жайлы болды. Ауыл әкімі Әділ Елібаев бұл бағытта жұмыс жүріп жатқандығы, өткенде облыстан тексеріс келіп, осы күл- қоқыстар жөнінде ескерту алғандықтарын алға тартты. Мұнан әрі, ауыл әкімі Шолаққорғанның жаңадан түскен біраз көшелеріне атау беру жөнінде ономастикалық комиссияға ұсынылғалы отырған елімізге танымал тұлғалардың есімдерін оқып, қоғамдық кеңестің келісімін сұрады. Әрине, атынан ат үркетін, еліміздің ілгергі- кейінгі дамуына үлесін қосқан танымал тұлғалардың есімдерін қоғамдық кеңес бірауыздан қолдап, келісімдерін берді. Жиын соңында барлық есеп беруге келген бөлім, мекеме басшылары мен ауыл әкімінің есебі тыңдалды және қабылданды деген қарар алды.

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.